

Алдашева Камар Сагингалиевнаның «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: кодификация үдерістері және олардың лингводидактикалық негіздері» деп аталатын диссертациясы туралы

П І К І Р

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Біздің еліміздің ішкі саясатының айрықша маңызды салаларының бірі ретінде мемлекеттік мәртебеге ие қазақ тілінің өміршендігін сақтау, оның мәртебелік дәрежесін одан әрі арттыру бойынша сындарлы іс-шаралар жүзеге асырылып келе жатқандығы белгілі. Ел саясатының алға шығарып отырған ұстанымы аса биік; ол – Мәңгілік елдің Мәңгілік тілі бар екендігін дәлелдеу және мойындату. Сондықтан «Қазақстан-2050» стратегиясында, Елбасының барша Жолдауларында:

- қазақ тілін бүкіл қазақстандықтардың рухани негізі: ұлттарды ұйыстырушы фактор ретінде қалыптастыру үшін жұмыстар үздіксіз және оңтайлы атқарыла беруі қажет;

- үйлесімді үлесімізді қосу арқылы толығып келе жатқан қазіргі қазақ тілін мұраға қалдыруға тиіспіз;

- қазақ тілін қолдану жөніндегі кешенді шараларды үзбей дамыту керек;

- қазақ тілін сүйіспеншілікпен қабылдайтын қазақстандықтың беделді бейнесін орнықтыру қажет тәрізді аса ұлағатты тұжырымдар жасалып, осы пікір-нұсқаулар қазақ тілтанымының теориясы мен практикасының қазіргі даму бағыттарының өзегі мен сүйенішіне айналып отыр.

Аталған нұсқауларды іске асыру барысында қазақтілді қауымның, зиялы ортаның ерекше назар аударып отырған мәселесі – қазақ тілінің барлық байлығын сарқа пайдалану арқылы ұғымдар мен түсініктердің қазақша баламасын табудың және қолданысқа енгізудің жай-күйі, бұл қалайша жүзеге асырылуда, дұрыс әдісі мен тиімділігі қандай, одан әрі үйлесімді ете түсу үшін тағы да зерделенетін тұстар қандай деген жайттар. Үйлесімді тіл саясатының, қоғам жұртшылығының байыпты, саналы көзқарасының, сондай-ақ тілтанымдағы ғылыми-практикалық зерттеулердің арқасында қазақыландыру жолында, сөз жоқ, айтарлықтай нәтижелер бар. Дегенмен бұл мәселе жаңадан қалыптаса бастағандықтан және қазақ тіліндегі динамика қазіргі кезде қарқынды сипатта болып отырғандықтан жаңа тұжырымдарды айқындауды қажет ететін түйінді тұстар да жоқ емес. Соның бастысы – қазақ әдеби тілінде жаңа сөздер, қазақыландырылған жаңа баламалар елеулі түрде молайған, кез келген жазба нұсқадан орныға бастаған, танымал немесе бірқолданыс түріндегі жаңа сөздерді жиі кездестіруге болады, алайда олардың еркін қолданысқа түспеуінің себептері қандай деген мәселеге барып

тіреледі. Әдетте, бұл жайт қоғамдағы көптілділікке байланыстырылатыны белгілі. Әрине, бұл елеулі факторды жоққа шығаруға болмайды, бірақ жаңа аталымдар қазақ сөзінде (бұл арада ауызша әдеби тілде, яғни күнделікті коммуникативтік, ресми тілдік қарым-қатынаста деген мағынада қолданып тұрмыз) жаңа аталымдардың еркін қолданысқа түспеуінің бір себебі олардың қалыптануы мен нормалану жолдарын таныта отырып, қолданысқа мүмкіндігі жоғары екендігін, елдің қалыпты өркендеуі, қоғамға қызмет ету үшін қажеттілігін дәлелдеу жағы бәсеңдеу екендігін айту қажет болады. Осы істі қарқынды етудің аса тиімді жолы – жалпы орта білім беру жүйесінде тек қазақ тілі мен әдебиеті ғана емес, барлық пәндер бойынша жаңа аталымдарды оқыту, үйрету, меңгерту, санаға сіңіру әдістерін толықтыру, жаңғырту барынша маңызды. Бұны тек сабақ жүргізу формасында шектеп қалмай, қазақ тілінің ішкі әлеуетін сарқа пайдаланып, қазақыландырылған балама жасаудың қазіргі жаһандану заманындағы саяси, ұлттық, халықтық, қоғамдық мәнін, отанның патриоты болуға қатыстылығын үзбей насихаттау керек болады. Осы мақсаттағы жұмыстардың бірі – жаңа сөздерді реттеу, бірізділендіру, қалыптандыру ісі қалайша жүргізілуде дегенді оқу үдерісіне сыналап енгізу. Осы аталғандарға байланысты «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: кодификация үдерістері және олардың лингводидактикалық негіздері» деп аталатын зерттеу тақырыптың таңдалуы, негізгі нысананың нақтылануы жақтарынан қазіргі жалпы мемлекеттік бағдарламалардың сұраныстары мен талаптарына толық сәйкес келетін өзектілігі айқын жұмыс деп бағаланады.

2. Диссертацияға қойылатын (ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 9-10 тармағында және Ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтарының төлқұжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Зерттеу «Ғылыми дәрежелер беру ережелерін» 9-10 тармақтарында көрсетілген талаптар деңгейінде жүзеге асырылған және осы талаптарға толық жауап береді.

Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Ізденуші тарапынан төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген:

- жаңа сөздердің қалыптану үдерістері мен қазақыландыру бағыттары бойынша тың тұжырымдар қорытылған;

- соңғы ширек ғасыр көлемінде пайда болған жаңа сөздердің *тіл жүйесі – сөйлеу (речь) – узус* триадасындағы (үштігіндегі) орналасуының бәсең болуының себептері жаңадан анықталған;

- жаңа сөздерді жалпы орта білім беру жүйесінде меңгертудің ұлттық философиялық, психолингвистикалық және педагогикалық негіздері таратылып айтылып, осы аталғандарды ЖОББЖ-да толық ескерген жағдайда заңнамалық құжаттарда белгіленген қоғам мүшесінің беделді бейнесін орнықтыруға нақты ықпал жасалатындығы дәлелденген;

- осыған байланысты негізгі білім базасын қалыптастыратын ЖОББЖ-да жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған әдістемені жетілдіру, әдіс-

тәсілдерді жаңа технологиялар арқылы жаңғырту және жандандыру, оның ішінде жоғары сынып оқушыларының болашақтағы мамандығы үшін қажетті жаңа сөздерді пән сабақтарының негізгі мазмұнымен органикалық байланыста меңгертудің дидактикалық ұстанымдары анықталған;

– лингводидактиканың басты міндеттерінің бірі болуы қажеттігі дәлелденіп, бұның мектеп оқушысының айқын тілдік тұлға болып қалыптасуына әсері жоғары екендігі тұжырымдалған; осы үшін жаңа сөздерді меңгертудің лингводидактикалық базасы (бағдарламалар, меңгертудің әдістері, тапсырмалар мен жаттығулар және т.б.) жүйеленген.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиже. Қазақстандағы тіл саясаты мен тіл стратегиясының, тілдік жоспарлаудың аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын жаңа сөздердің қалыптануы (кодификациясы) шектеулі ұғым немесе стихиялы түрде жүре беретін құбылыс емес. Қазақ сөзінің ғылым тіліне айналуына, басқа тілдегі ұғымдарды беруіне және олардың әдеби нормаға айналуына қоғам мүшелері, ғылым жолындағы адамдар белсене атсалысқанда ғана қазақ тілінің мүмкіндігін мойындата аламыз. Осыған байланысты ізденуші қазақыландыру мен кодификация терминдерін саяси-әлеуметтік, ұлттық мәнін ашып, жаңаша тұрғыдан тұжырымдаған. Әлеуметтік лингвистика саласында қалыптаса бастаған қазақыландыру термині біздің қоғамымызда монотілді ортаның қалыптасуын көздемейді, бұл пуризмге байланысты емес, керісінше, қазақыландыру жолын қазақ тілінің қолданылу аясын ұлғайтуға қарай баршамызды ұмтылдыратын, баршамызға қазақ тілінің қаншалықты мүмкіндігі мол екендігін барынша таныта түсетін саяси ұғым деп қабылдауымыз керек. Ізденушінің осы пікіріне біз толықтай қосыламыз. Сонымен қатар қалыптану жағдайына келетін болсақ, қалыптану жайы сөздіктерге тіркелуімен шектелмейді. Бізде тілдің ішкі әлеуетіне қозғау салып, оны ғылым мен техниканың тіліне айналдыру жайындағы заңнамалық құжаттар бар, бірақ бұлар қалыптану үшін бастапқы тіректер ғана. Ізденушіні пайымдауынша, жаңа аталымдар тілде орнықсын десек, қоғамдағы әртүрлі тілдерді қолданатын этникалық топтардың этникалық санасы мен тілдік санасына, ойсанасына қазақ тілінің қажеттілігін сыналап түсіндіру; бұл үшін және тілдік қақтығыстарды болдырмау мүддесінде тілдік жоспарлаудың мәнін анықтау; тілдік жоспарлауға қатысты іс-шаралардың тиімділігін арттыратын әдістерді негіздеу; оның ішінде тілдік үдерістерде байқалатын диагностикалық белгілерді, межелерді деркезінде байқап, ғылыми-практикалық тұрғыдан талдау жасауды үзбей жалғастыру қажет.

Жұмыста қалыптандыру үдерістері жүріп жатқан қайнаркөздер – сөздіктер мен мерзімді басылымдар материалдары, әсіресе мектеп оқулықтарындағы жан-жақты талданған. Зерттеудің осы тұжырымдары аса маңызды ғылыми нәтижелер болып табылады. Бұл мәселелер бойынша ізденуші тіл саясатына қатысты заңнамалық құжаттардағы нұсқаулармен, қазақ тілтанымындағы және әлемдік лингвистикадағы іргелі еңбектердің

барлығымен де егжей-тегжейлі таныса отырып бүгінгі таңдағы жаңа сөздердің ішкі семантикалық құрылымына, ұғымдық аппаратты беру мүмкіндіктеріне талдау жасай отырып қол жеткізген. Нақты айтқанда, өсы ғылыми нәтиже ұлы ғалым А. Байтұрсынұлы айтқан «әдебиет тілін өркендету керек» деген сөзінен бастау алатын қазақ неологиясы – жаңасөзтану саласы мен қазақ неографиясының көптеген проблемаларының анықталуына айтарлықтай үлес қосып отыр деп бағалаймыз.

Екінші ғылыми нәтиже. Зерттеуші тілімізге қарқынды еніп жатқан жаңа сөздердің нормалануы жайында академик Р. Сыздықтың пікірлеріне баса назар аударған және Р. Сыздықты қазақ әдеби нормаларының теориялық-практикалық мәселелерінің іргетасын бекем етіп, бекітуші деп аса орынды көрсеткен. Ғалым пікірлерін сүйеніш ете отырып, диссертант соңғы ширек ғасырда пайда болған 2000-нан астам жаңа сөздің және олардың вариант қатарларының семантикасын, ішкі уәжділігін талдай келе, жаңа аталымдардың *тіл жүйесі – сөйлеу (речь) – узус* триадасындағы (үштігіндегі) орналасуы бірдей емес екендігінің себептерін анықтауға ұмтылыс жасайды. Шын мәнінде әсіресе ғылыми-техникалық терминдерді айтпағанның өзінде, көптеген қазақыландырылған әлеуметтік-тұрмыстық атаулардың тіл қолданысына еркін түспеуінің себептері бар. Бекітілген ғылыми-техникалық жаңа қазақы терминдер тіл жүйесіне енген, оның дәлелі – қазіргі ғылыми-ағартушылық әдебиетте жаңа терминдер көптеп кездеседі. Ал сөйлеу аспектісінен қарасақ, қазірге дейін қазақтілді адамдардың күнделікті сөйлеу актісінде басқа тілдік элементтер көбірек орын алады (мысалы, сотка, квартплата, пробка, витамин, зонт, обои, посылка, малина, клубника, помидор, укроп дегендердің қазақша аса уәжді баламалары бола тұра осылайша қолдана береміз). Жаңа сөздерді пайдалану диспозитивті норма дәрежесінде ғана. Сөйлеу – узус деңгейіне жету үшін ең алдымен қазақ сөз мәдениетіне деген талаптар да күшеюі керек. Екіншіден, жаңа сөзді сөйлеу актісіне белсене араластыру қажет. Бұл қазақтілді адамдардың өз қолында. Мәселен, «сынып, мәтін» деген сөздер кейбір қарсы пікірлерге қарамастан мындаған адамдардың тілдік ортасына – білім беру жүйесіне бірден араласып кетті де, қолданыс жиілігінің жоғарылығы арқысында императивті – қатаң нормаға айналды. Басқа сөздердің тағдырын да осындай батыл қолданыстар күтуде. Әрине, көптілділіктің де әсері бар болар, бірақ бұл ақталу жолы емес. Кейбір қазақ сөздерінің семантикасы қазіргі адамдардың тіл лексиконынан шығып қалған, таныс емес. Осыны негіз етіп, көптеген сөздерді «дұрыс емес / түсініксіз» позициясынан кері итеріп, субъективті бағалаушылық та кездесетіндігі баршамызға белгілі. Осыған байланысты ізденуші сан алуан сөздердің және вариант қатарлардың бірінің ішкі семантикасын анықтай отырып, олардың нақты бір ұғымды бере алатын мағыналық потенциалын айқын дәлелдеген, сөйлеу позициясына араласа алатын, диспозитивті нормадан бастап императивті нормаға дейінгі сатыларының мүмкіндіктерін анықтаған. Ізденушінің осы тұжырымдары әдеби норма, қазақ сөз мәдениетін дамытуда аса пайдалы.

Үшінші ғылыми нәтиже. Мемлекеттік дамудың жалпы логикасын, оның ішінде тілдің дамуын түсіну үшін ұлттық философияны бүкіл сана-сезіммен қабылдай алатын дәрежеге жеткізуіміз керек дейді зерттеуші. Сөз басын осылайша тұжырымдай отырып, ізденуші тілдің ұлттық рухани құбылыс екендігін дәлелдей түскен. Осы мақсатта жұмыста әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Абай сынды ұлы ғұламалардан бастап, Алаш зиялыларының, қазақ қоғам қайраткерлерінің пікірлерін жинақтай келе, ізденуші жаңа сөзге қатысты қазақ философиясының түйінін «Ұлттың болмысы, оның рухани табиғаты әрқашан тіл тағдырымен сабақтастықта қаралып келеді. Осымен байланысты қазақ тілінің сөздік қоры – тілдің төл байлығы туралы мәселе әрқашан назардан тыс қалмауы тиіс. Аталғандардың қатарында сөздік қорды таза қалпында сақтау, басқа тілдерден кірген сөздерден барынша аулақ болу, тілдің төлтума сөздері арқылы таным көкжиегін кеңейту және білім беруде тілдің тазалығын сақтауды қадағалау мәселесі тілге қатысты жайттардың басында тұрады» деген пікірлермен қорытады.

Жаңа сөздерді танып-түсінуді психолінгвистика аспектісінен қарағанда, ізденушінің жаңа сөздердің адамның менталды лексиконында қалай орналасатындығы туралы қорытындылары аса құнды. Когнитивті сана мен тілдік сананың арақатынасы қандай? Зерттеушінің мәліметтеріне қарағанда, қазақтілді қоғам мүшелерінің кейбір топтарының орыс тілін білу құзыреті 93,5 пайыздан астам. Демек, осындай топтың когнитивтік санасы тілдік санадан жоғары болады да, оның жаңа сөздерді қолдануына бөгет жасайды. Қазақ тілін тұтынушы жеке адам белгілі бір затты орыс тіліндегі атауымен таныса, ол ұғым тілдік санасында орысша кодталады. Қарым-қатынас үдерісінде коммуникативтік санадан сұрыпталатын ақпарат та орыс тіліндегі нұсқасына сәйкес келеді. Бұл тұжырымның шынайылығына ізденуші ассоциативтік эксперимент арқылы қол жеткізген. Жас мөлшеріне қарай топтастырғанда, мектеп жасындағы баланың танымдық қызығушылығы жоғары және тұрақты, сондықтан жаңа сөздерді ЖОББЖ-да меңгерту жолдарында тың ізденістер қажет деген қорытындылар жасалған. Оның қатарында мектеп оқушысының зейінін шоғырландыру және уәждемелерді арттыру, сондай-ақ ұлт және қоғам үшін құндылықтарды таныту туралы маңызды пікірлер бар.

Жалпы, зерттеуші жаңа сөздердің қалыптануы мен оны білім беру жүйесіне қосудың философиялық, менталды лексикондық, әдіснамалық, педагогикалық негіздері туралы тұжырымдар жасаудың алдында қазіргі коммуникативтік кеңістіктегі бірқатар карама-қайшылықтарды анықтап алған. Оның ең бастысы – қазақ тілін меңгеруді әлі де болса ұлттық құндылық деп жете тани білмеуімізде.

Жаңа сөздерді меңгеру – ана тіліне, құрмет; тілдің өміршеңдігіне үлес қосу; тілдік білімнің көрсеткіші немесе өлшемі; аялық білім шеңберін кеңейтудің маңызды тетігі екендігіне санамен мән бермеуімізде. Жаңа сөздерді меңгертудің философиялық, педагогикалық және психолінгвистикалық негіздері осылайша қорытылған.

Төртінші ғылыми нәтиже. Кеңестік кеңістік кезінде білім берудің бірнеше принциптері орнықтырылған болатын. Олардың көпшілігі қазіргі біздің қоғамымыздағы білім берудің мазмұны мен оған қойылатын талаптарға сәйкес келе бермейді. Сондықтан ізденуші алдымен педагогикадағы барлық дерлік маңызды пікірлерді қорыта отырып, жаңа сөздерді меңгертудің бірқатар ұстанымдарын белгілеген. Олар мыналар: педагогикалық үдерістің гуманистік бағыттылығы, педагогикалық үдерістің өмірмен байланысын қамтамасыз ету, пәнаралық байланыс, берілетін білімнің ғылымилығы, сабақтастық, бірізділік және жүйелелік. Осы аталғандардың қатарында пәнаралық байланыс ұстанымына азырақ тоқтала кетуге болады. Ізденуші былай деп көрсетеді: «Пәнаралық байланыс қазіргі білім беру үдерісіндегі белсенді үрдіс ретінде қалыптасқан интеграциялық талаптарға жауап береді. Көппәндік жағдайда меңгертілетін нысан туралы тұтас, жүйелі білімді қалыптастыруға байланысты мәселені шешу пәнаралық байланысқа сүйенгенде мүмкін болады. Пәнаралық байланысты жүзеге асыру оқушыларға бір құбылысты түрлі көзқарас тұрғысынан көруге, ол туралы тұтас түсінік алуға мүмкіндік береді. Әсіресе пәнаралық байланыстардың өзара тоғысуы дүниетанымдық тұрғыдан өтіліп отырған нысанның барлық қасиеттерін және байланыстарын жан-жақты қамтуға мүмкіндік береді. Бұл жаңа сөздердің әр саладағы сипатын анықтауда маңызды болып табылады. Жоғары мектеп оқушы қай ғылым саласы болмасын оның терминдік аппараты болатынын түсінеді және бұл сипаттың жаңа сөздермен өзара тығыз байланысын ашу үшін сол ғылым салалары мен қазақ тілін байланыстыра алады. Пәнаралық байланыс бірқатар пәндер бойынша оқу материалдарын іріктеуге және олардың құрылымына ықпал ете отырып, оқушылардың жүйелі білім алуын, оқытуды ұйымдастырудың кешенді формасын қолдануды бағдарлайды. Айталық жоғары мектеп сатысындағы оқушылар үшін басқа пәндер бойынша жаңа аталымдардың сипаты қызығушылық тудырады. Олар төменгі сыныптарда пәндер бойынша үйренген жаңа сөздерді есіне түсіре отырып, жаңа сөздердің нормалануы мен қалыптануындағы, жалпы әдеби тілдегі орнын анықтауға ұмтылады. Пәнаралық байланыс ұстанымы бойынша ұсынылған таңдау пәнінің білім мазмұнында интеграциялық талаптың орындалуына назар аударылды, сондықтан тапсырмалар мен жаттығулар кешенінде ғылыми-техникалық аталымдардың шеңберінде оқушылардың өздері өткен немесе өтіп жатқан жаратылыстану бойынша оқулықтардағы жаңа қазақша сөздер барынша қамтылды. Көпжақты пәнаралық байланыс жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған сабақтың мазмұнын тереңдетіп, оның танымдық құндылығын арттырады, осымен байланысты оқушылар қоршаған ортадағы өзгерістердің тілге тигізетін ықпалын көрсететін құбылыстар мен үдерістерді тани алады. Оқушылар бірнеше пән бойынша алған білімдерін жаңа танымдық міндеттің, проблемалы сұрақтардың шешімін табу үшін пайдалана алады. Бұл жадының, ойлау және ерік үдерістерінің белсенділігін айтарлықтай арттырып, сабаққа жоғары қызығушылық танытуына ықпал етеді».

Жаңа сөздерді оқыту үдерісінде басшылыққа алыну тиіс білімнің ғылымилығы – жаңа сөздерді және олардың нормалану мен қалыптану үдерістеріне тән ерекшеліктерді меңгертуге бағытталған оқу материалдарын ұйымдастырудағы жетекші ұстанымдардың бірі. Қазіргі ғылым мен техниканың даму деңгейімен, әлемдік өркениеттегі жинақталған тәжірибемен білім мазмұнының сәйкестігі тілдің лексикалық қорының елеулі бөлігін құрайтын жаңа сөздерді меңгертудегі ғылымилық ұстанымының жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Бесінші ғылыми нәтиже. Жұмыста ең алдымен қазіргі мектеп оқулықтарында жаңа сөздерге қатысты әдістер жүйесінің қандай және қаншадықты дәрежеде берілгендігі талданған. Мысалы, ізденушінің мәліметтеріне қарағанда, 10-сыныпқа арналған материалда а) негізінен нормадан ауытқу мәселелері талданған; ә) ұсынылған тілдік фактілер (оқырман, көрермен, ғарыш, ғарышкер, ғарыш айлағы) өткен ғасырдың жетпісінші жылдарындағы тіл практикасындағы жаңа сөз болып табылады, 1988 жылғы орфографиялық сөздікке енгізілгендіктен, мысалы, оқырман, көрермен сөздері қазіргі кезеңде неологизмдер болып саналмайды. Оқушыға меңгерту үшін кейінгі актуалды жаңа сөздер тілдік факті ретінде қамтылмаған; б) жаңа қолданыстарды түсіндіруде бұл оқулықта негізінен окказионал сөздерге мән берген (төбелесермен, атарман, аларман, ішермен деген сөздер талданған); в) жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған тапсырмалардың саны – 1; мысалы, жаттығуда оқушы және оқырман атауының мағыналық айырмасын ашу, оқырман атауының пайда болу себебін анықтау қажеттігі көрсетілген.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері арқылы жаңа сөздерді меңгертудің маңыздылығын айта отырып, ізденуші тұжырымдаған мәселеленің құнды және маңызды жағы – жаратылыстану пәндерін оқыту барысында осы салаға қатысты жаңа аталымдарды интеграциялық сипатта түсіндіруді талдау және дәлелдеуі. Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша жаңа сөздерді интеграциялық сипатта оқытып, үйретудің нәтижесінде мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады: а) білім алушының қазақ әдеби тілі және қазақ сөз мәдениеті бойынша білім деңгейі жоғарылайды; ә) қазақ тілін коммуникативті актіде қолдану құзыреттілігі жоғарылайды; б) оқушының тілдік тұлғаның лингвомәдени құзыреттілігі жетіледі; в) білім берудегі интеграциялық талаптарды қанағаттандырылады; г) оқушының тіл тазалығы мен тіл мәдениетін сақтау сауаттылығы қалыптасады.

Осы аталғандардың нәтижесінде жаңа сөздерді қалыптандыру мен нормаландыруға мүмкіндіктер жасалады.

Білім беруді жетілдірудің тиімді жолдарының бірі – оқыту, білім беру әдістерін одан әрі жаңғырта түсу (модернизация жасау), тың жолдарын іздестіру және оны практикада қолдану. Орта білім жүйесінде оқушылардың қазақ тіліне деген танымдық және уәждемелік қызығушылықтарын арттыру, дамыту мақсаттарында күнделікті сабақ беру үдерісінің нәтижелі болуының кепілі – оқытудың инновациялық технологияларын кеңінен пайдалану.

Қазіргі инновациялық технологияларды белсенді енгізу: а) диалогтік өзара әрекетті; ә) ынтымақтастықта жұмыс істеу қабілетін жоғары етуді; б) жұппен және шағын топта белсенді жұмыс істеу қабілетінің жоғары болуын; в) алынған ақпаратты сыни тұрғыдан ойлап, бағалауын; г) және өзінің ойын логикалық тұрғыдан дәлелді түрде жеткізе білуін дамытады.

Диссертацияда жаңа әдістер ретінде – шағын топтық жұмыс, пікірталас және ойға шабуыл әдістері: оларды жаңа сөздерді меңгертудегі тиімділігі; интербелсенді дәріс түрлері және олардың жаңа сөздерді меңгертудегі артықшылықтары; жобалау технологиясының тиімділігі; лексикалық-семантикалық, лексикалық-грамматикалық, лексикалық-стильдік бағыттағы дағдыландыру және бекіту тапсырмаларының сан алуан түрлері, лингвистикалық тестілер нақты мысалдармен білімді меңгертудің әдіс-тәсілдерімен барынша айқындалған. Анықтау, қалыптастыру және бақылау кезеңдерінен тұратын педагогикалық эксперимент жүзеге асырылған және оның қорытындылары жүйеленген. Таңдау пәнінің бағдарламасы жасалған.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиже – жаңа; жаңа сөздердің қалыптану үдерістерінің сатылары саяси-әлеуметтік, лингвистикалық, қоғамдық ойсана, білім беру-ағартушылық салаларының теориялық және практикалық аспектілерімен жан-жақты салыстырылған, қазақыландырудың саяси-ұлттық мазмұны тың тұрғыдан белгіленген; осы нәтиженің қорытындылары қазақ неологиясы мен неографиясының одан әрі дамытылуына негіз болады деп бағаланады.

Екінші ғылыми нәтиже – жаңа; жаңа сөздердің тіл жүйесі – сөйлеу – узус үштігіндегі сипатының анықталуы, диспозитивті норма мен қазақтың жоғары сөз мәдениетінің арасындағы айырмашылықтардың себептері, жаңа сөздердің ішкі уәжділігінің нақтылануы мақсатындағы игерілген семантикалық талдаулар жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануы бойынша алдыңғы білімдерді тың тұрғыдан тереңдете түседі; семантикалық талдаудың нәтижесінде қазақ сөзінің ішкі мүмкіндіктерінің ғылым мен техника атауларын, күнделікті тұрмыстық ұғымдарды берудегі соншалықты әлеуетті екендігі дәлелденген;

Үшінші ғылыми нәтиже – жаңа; бұнда педагогикалық, психологиялық, философиялық негіздерге қатысты дәстүрлі көзқарастар басшылыққа алына тұрса да жаңа деп тануымыздың басты себебі ізденушінің семантикалық жағынан жаңғырып, жаңа ұғымды иеленген қазақ сөзінің рухани құндылық екендігін, сонымен қатар жаңа сөздерді танып-түсіну үшін менталды лексиконның, жас мөлшерінің ерекшеліктерін, қазіргі қоғам мүшелерінің когнитивті санасы мен тілдік санасының арасындағы менталдық сипаттарды барынша анықтауына байланысты.

Төртінші ғылыми нәтиже – ішінара жаңа; дей тұрсақ та бұл нәтиженің жаңалығы да бар, ол жаңа сөздерді меңгертуде шоғырландыру принципін ұстану, яғни оларды меңгертуде қазақ тілі пәнімен шектелмей,

жаратылыстану пәндерінде байланыстыра меңгерту жолдарын, осының әдіс-тәсілдерін дәлелдеуінде болып отыр.

Бесінші ғылыми нәтиже – жаңа; көптеген практикалық негіздемелер арқылы жаңа сөздерді бейінді мектептерде оқытып-меңгертудің тың технологиялық әдістері жүйеленген, жұмыста берілген әдістемелік кешенді мектептерде пайдалануға дайын материал деп бағалаймыз.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Зерттеу тұтастай ішкі логикалық бірлікке ие, онда жаңа сөздердің қазіргі жай-күйінің саяси-құқықтық негіздері, ғылыми тұрғыдан танылуы, қалыптандудың дереккөздері мен білім беру жүйесіне ендірудің теориялық және практикалық мәселелері сабақтастықта орналастырылған.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Зерттеуде жасалған қорытындылар біздің еліміздегі тіл саясатының үйлесімді жүзеге асырылып келе жатқан іс-шараларының саналылықпен түсінудің одан әрі тереңдетілуіне айтарлықтай үлес қосады, қазақ неологиясы мен неографиясы, сөз мәдениеті, әдеби норма салаларының дамытылуына ықпал жасайды, бейіндік мектептерде білім берудің әдіснамасы мен әдіс-тәсілдерін жаңғырту бойынша әдіскер мамандарға елеулі көмек береді.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Диссертация бойынша негізгі ғылыми-практикалық ұсыныстар мен қорытындылар 16 мақала түрінде мақұлданымнан өтіп, ғылыми баяндамалар және хабарламалар түрінде халықаралық және республикалық ауқымдағы ғылыми-теориялық конференцияларда және ғылыми семинарларда талқыланды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, Scopus ақпараттар базасына енетін импакт-факторлы журналда жарияланды.

8. Диссертация мазмұнындағы және ресімделуіндегі кемшіліктер.

Диссертациямен егжей-тегжейлі таныса келе, ондағы аса маңызды жайттарға зор қызығушылықпен назар аудара отырып, төмендегідей мәселелерді атап өтеміз:

1. Ізденуші қазақыландыру, тілдің ішкі мүмкіндіктерін сарқа пайдалану дегендерді терең талдаған, сонымен қатар соңғы ширек ғасырда пайда болған жаңа сөздердің енуіне, оны біздің қабылдауымызға байланысты пуризм белгілері бар ма, жоқ па, оның негіздері қандай деген мәселелерді де анықтай кетуі қажет еді.

2. Жұмыста педагогикалық үдерістің гуманистік бағыттылығы, педагогикалық үдерістің өмірмен байланысын қамтамасыз ету, пәнаралық байланыс, берілетін білімнің ғылымилығы, сабақтастық, бірізділік және жүйелелік сияқты дидактикалық ұстанымдар дәйекті талданған. Әдістемесі жағынан жұмыстың маңызды жағы – жаңа сөздерді білім алушылардың сөйлеу тіліне, қолданысына енгізу. Сондықтан дидактикалық ұстанымдар

қатарында оқытудың коммуникативтік ұстанымы дегенді қосып, оны нақтылай түсуі сұранып тұр.

Көрсетілген ұсыныстар жұмыстың жалпы мазмұнына, өзектілігіне айтарлықтай ақау келтірмейді және теориялық-практикалық құндылығын төмендетпейді.

9. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-бөлімінің талаптарына сәйкестігі.

«Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: кодификация үдерістері және олардың лингводидактикалық негіздері» атты жұмыс – тақырыбы өзекті, ғылыми аппараты дұрыс, Қазақстан Республикасы БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келетін, тіл саясаты бойынша іс-шаралардың талаптарын қанағаттандыратын, тілтанымның көптеген салаларының және тілді оқыту әдістемесінің теориясы мен практикасының одан әрі дамытылуына айтарлықтай үлес қоса алатын толық аяқталған зерттеу; осы аталғандардың негізінде жұмыстың авторы – ізденуші Алдашева Камар Сагингалиевна 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық деп бағаланады.

Рецензент:

**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық институтының профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы**

А. Жапбаров **А. Жапбаров**

«15» желтоқсан, 2016 жыл

